

Сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың алдын алу жолдары.

Елімізде жемқорлықпен және ұйымдасқан қылмыспен күресті күшейту шараларына орай «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» арнайы заңдар қабылданды. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мен алдын алудың ең алғашқы нүктесі жастарды бала кезінен тәрбиелеу болып табылады. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мен білім беру ұйымдарында ішкі тәртіптік қағидаларының бұзушылығын болдырмау мақсатында түрлі іс-шаралар өткізіліп тұрады. Осыған орай мектебімізде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар» жоспары жасалып, жұмыс түрлері жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаты мен міндеттері: 1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оның алдын алу. 2. Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату, құрылымыдық және қоғамдық ұйымдардың жұмысын қамтамасыз ететін қабылданған шешімдердің ашықтығы және жариялылығы. 3. Оқу білім үрдісінде оқушылар мен оқытушылар тарапынан болатын келенсіз әрекеттердің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою.

Әр мұғалім білуі тиіс:

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске байланысты жүргізілген жұмыс түрлері

Қарағанды облысы Білім Басқармасының 26.08.2020 ж. №260 бұйрығы негізінде «Білім туралы» Заңның 8-бабы 2-тармақшасына сәйкес ақша жинауға жол бермеу мақсатында «Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарынан ақшалай қаражат жинауға тиым салу туралы» бұйрығы мен мектептің 01.09.2020 жылғы №41 бұйрығы таныстырылып, арнайы бұрыш жасалды. Мектептің 1-қабатында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіру кезінде

оқушылар өз ескертулерін жасап, өтініштерін хат жазу арқылы білдіретін арнайы «сенім жәшігі» ілінген. Бұл жәшікке келіп түскен хаттар мен өтініштер мектеп әкімшілігі мен мектеп инспекторының қатысуымен алынып, жұмыс жүргізіліп, қаралады. Қыркүйек айында сыбайлас жемқорлыққа байланысты жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Жас ұрпақтың бойында жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбие беру мақсатында «Адал ұрпақ» клубы құрылып, жоспар бойынша жұмыс жасауда. Қазан айында «Сыбайлас жемқорлықсыз ел-өркендеуші ел» тақырыбында ата-аналармен жиналыс өткізіліп-хаттамаланды. Ата-аналар бұйрықпен таныстырылды. Құқық қорғау орган мекемелері қызметкерлерімен оқушылармен және педагогикалық ұжыммен кездесу өткізілді. «Біз жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында сынып сағаттары, сурет көрмелері өткізілді, 10,11 сыныптармен эссе жазылды. Күнделікті оқу үрдісінде жемқорлыққа жол бермеу мәселелері үнемі қадағаланып отырады. Оқушыларды үнемі адалдық сағаттарымен таныстыру, желіге жариялау жолға қойылған. Мектеп сайтында (штаттық кесте ,тарификация)көрсетілген және маңдайшасына ашық бюджет айдарымен тактайша ілініп, жұмыс жасайды.

Ақпарат дайындаған мектеп директоры



Р.О.Капарова